

Н.Уәли

А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

ЖАЗУ¹

Жазу – ой мен сезімді графикалық тәсіл арқылы берудің ерекше жүйесі. Жазу – жалпы адамзат қоғамының даму кезеңіндегі жаңалықтардың ең ұлысы, белгілі-бір этнос мәдениетінің даму деңгейін көрсететін өлшемдердің (параметрлердің) негізгілерінің бірі.

Ж. феноменінің филогенездік және онтогенездік деп аталатын екі түрлі эволюциясы бар. Филогенездік эволюция жалпы адамзаттық дамуға байланысты, ал онтогенездік эволюция – белгілі-бір этносқа тән құбылыс. Ж.-сызу эволюциясында оның **пиктографиялық жазу** – «белгілі бір идеяны суретпен көрсету»; **идеографиялық жазу** – «белгілі бір сөзді шартты таңбамен бейнелеу»; **дыбыстық жазу** – «сөздегі дыбыстарды белгілі бір әріптермен беру» түрлері болды; Қазақстан территориясында әртүрлі архиотарихи деректерге қарағанда Ж.-дың осы аталмыш эволюциялық сатылары болғандығы байқалады. Алайда қоғамда Ж.-сызу мәдениеті, жазба тіл бірден қалыптаса қоймайтыны белгілі. Ж.-сызуларды пайдаланған өзге де этностар тәрізді қазақтардың да Ж.-ды мәдени-элеуметтік өмірінде қолдану барысында аса күрделі ойларды объективтендіретін тілдік құрылымдар жасалып, этномәдени кеңістікте жазба тілдің негізін қалыптастырды. Ж.-дың игі әсерінің барысында мәдени-тілдік ұжымның когнитивтік санасында жазба тілге тән аса күрделі құрылымдардың синтаксистік моделдері пайда болды.

Пиктографиялық жазудан дыбыстық (фонологиялық) Ж.-ға дейін Ж.-сызудың әрқилы түрлері мен типтері жазылатын материалдарының әр алуан екені тарихтан мәлім. Әсіресе, ру-тайпалық дәуірдегі Ж.-сызудың материалдары табиғи тас, ағаш, қыш құмыралар, саз балшықтар, мал сүйегі (жауырыны), металл бұйымдары т.б. болған.

Қазақстанның тау-тастарында пиктографиялық немесе петроглифтік, яғни сурет Ж.-дан бастап, руна, идеографиялық, дыбыстық Ж. (соғды, араб Ж.-лары) (әріп-таңбаларымен қашап жазған Ж.) түрлері аз кездеспейді. Өз дәуірлерінде қазақтың ру-тайпалары сол кезеңдегі дәстүр бойынша Ж.-ды теріге, киізге бастырып, ағашқа, сүйекке, кірпішке, тасқа қашап түсірген. Осылардың ішінде қозы жүнінен жұқа етіп, шеберлікпен талдырма тәсілімен басылған киізге, ала қойдың терісіне Ж. түсіру дала мәдениетінің сол кездегі дәстүріне лайық болған. Халықтың тілдік санасында сақталып қалған *киіз*

¹ Мақала «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясы (Алматы: РПК «Слон», 2012) II томының 263-270 бб жарияланған.

кітап атауы байырғы замандағы Ж. ұғымымен байланысты болғанын аңғартады.

Кең-байтақ қазақ сахарасын мекендеген қазақтың қаңлы, үйсін, қыпшақ, керей, найман, алшын т.б. ру-тайпалары кешегі латын, бүгінгі кирилше Ж.-ға дейін руна Ж.-ларын (көне түркілік Орхон-Енисей жазуын), соғды негізді *ескі ұйғыр жазуын* және күні кешеге дейін араб әрпімен жазылған Ж.-сызуларды өз тілінің дыбыс жүйесіне біршама икемдеп, әрі дәстүр ортақтығы мен сабақтастығын ұстана отырып қолданды. Ж. ісімен негізінен абыздар, есепшілер, ордадағы шежіреші-тарихшылар, мемлекет ісін жүргізуші лауазым иелері (мөр ұстаушылар) шұғылданды.

Руна жазуы. Қазақстан жерінде оқылу кілті ашылмаған руна Ж.-ларының түрлері өте көп кездеседі. Солардың бірі Есік обасынан табылған (1970 ж.) Сақ дәуіріне (б.з.д. V-IV ғғ.) жататын әйгілі Есік жазуы. Ж. күміс тостағанға 26 әріппен (таңбамен) екі жолға жазылған.

Руна жазу. Түпнұсқадан дайындаған Ж.Шәйкен

Оқылу құпиясы ашылмаған руна Ж.-лары Жетісу өлкесі, Шу, Іле, Ыстықкөл, Талас алқабында жиі кездеседі. Ұлы Түрік қағанатына дейін руна Ж.-ын мәдениеттің құралына айналдырған елдер *ғұндар, үйсіндер, қаңлылар* болды (*Ә.Марғұлан*). Солтүстік патшалықтар тарихы, батыс өңір тарауы деп аталатын Қытай тарихи жазбаларында «*Қаңлылардың жазуы көлденеңінен жазылады, олардың өздері жазған кітаптары бар*» деген деректер кездеседі (*Мыңжани Н.*).

Идеографиялық жазу. Бұған байырғы түркілерде, оның ішінде қазақтарда қолданылған таңбалар жүйесін жатқызуға болады. Бұндай таңбалардың ұзын саны әртүрлі нұсқаларын қосқанда жүзден асып кетеді. Бұларды, бір есептен, идеографиялық Ж.-ға ұқсас таңбалар жүйесі деуге болады. Олай дейтініміз таңба болу үшін оның тұрпат межесі (формасы) мен мазмұн межесі (мағынасы) болуға тиіс. Идеографиялық Ж.-да мағына шартты түрде белгілі бір таңбамен белгіленеді. Конвенционалды түрде, яғни социум, этнос мүшелерінің келісімі бойынша алынған шартты белгі сол таңбаның формасы, ал зат (мағына) сол таңбаның мазмұны болып табылады. Мысалы, тік таяқша мен дөңгелекше **Ю** ұлы жүз құрамына кіретін күллі ру-тайпалардың, ал қос таяқша (қос әліп) **П** күллі орта жүз құрамына енетін ру-тайпалардың, «оқпен» (жебемен) «қос әліп» **↑П** күллі кіші жүз құрамындағы ру-тайпаларды білдіреді (*Н.Мыңжани*). Сондай-ақ үш жүздің құрамындағы әрбір тайпаның дербес таңбасы болды. Олар Н.А. Аристовтың айтуынша қазақ халқының этникалық негізін құраған іргелі ру-тайпалар еді. Белгілі бір таңбаның «сурет-бейнесін» танып, мағынасын білген адам оның қай руға тән екенін және әскери ұранын да біледі. Түркі ру-тайпаларының таңбалар жүйесінің гомогенді (біртектілік) сипатқа ие екені байқалады. Күллі таңбалардың негізгі элементі дөңгелекше мен тік сызық болып келеді. Дөңгелекше бейне Күн мен Айдың, тік сызықша **Мықан**

ағашының(Бәйтеректің) символы іспеттес. Этномәдени ұжымның когнитивтік санасында Күн, Айға табынған, ал Мықан ағашы немесе бәйтерек Жер иесі мен Көк иесін, жаратушысын қосып тұрған бейненің символы іспеттес деп болжам жасауға болады.

Идеографиялық таңбаның мазмұнында бірнеше ақпарат болуы ықтимал. Мысалы, бір түмен қол жасақтай алатын ру – дербес таңба талап ету құқығына ие. Таңба алу құқығы әдетте ру басылардың бас қосқан жиынында келісіммен, құрбандыққа бозқасқа шалып баталасумен, пәтуаласумен шешіледі. Сондай-ақ руға берілетін жаңа таңбаға оның генетикалық байланысын аңғартатындай, яғни қай тайпаның құрамында болғанын көрсететіндей белгі болады. Мысалы, дөңгелекше **О** таңба белгілі бір тайпаға тән болса, оның құрамынан бөлініп шыққан ру әлгі дөңгелекше таңбаға кішірек таяқша тартады. Бұл жаңа таңба рудың қай тайпаның құрамында болған генетикалық байланысты білдіреді.

Кейбір ру-тайпаларының таңбалары бірнеше нұсқада (вариантта) болғаны байқалады. Бұлай болуы басқыншы жаумен шайқаста әрбасқа рудың бір саптағы әскери бірлестікте, мысалы, оң қанатта, сол қанатта, Орда тұста, арқа тұста болуымен байланысты деп жорамалдауға болады. Сондай-ақ жылқы малына салынатын таңба *тіршілікқамынабайланысты рулық меншіктің (Н.Әлімбаев)* белгісі ретінде танылады. Таңбаны кез-келген адам жайдан-жай ойдан шығармайды. Қандай таңба алынатынын не себептен бұлай болатынын, яғни уәжін (мотивін) ру-тайпа абызы айқындайды. Сонымен қатар ірге бөліп шығатын рудың негізгі тайпаға қатысын ескеретін белгілер көрсетеді. Бұл ерекшеліктерді ру-тайпа таңбаларын семиотикалық жүйе тұрғысынан қарастырғанда айқын байқауға болады.

«Қазақ ру-тайпа тайпаларының тарихы. Тама» атты кітаптың авторлары осы жайтты аңғара келіп былай дейді: «Н.Аристов, М.Тынышбаев, С.Аманжолов тәрізді зерттеушілер негізгі тайпалар одағынан немесе тайпадан бөлініп шыққан рулардың таңбалық белгілеріне басқа одаққа кіргенде, біртіндеп қосымша таяқша белгілер жалғанып отырады деген пікірді айтқан еді (Қазақ ру-тайпаларының тарихы / Құраст. Х.М. Ғабжалилов. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. Тама. I том). Мұны дулат тайпасының таңбалық белгілеріндегі өзгерістерден аңғарамыз. Ертеректе дулат (дулу) тайпасының одағына белгілі-бір кезеңде енген табын, арғын, рамадан, теріс таңбалы табын, албан, суан, кердері, адай және т.б. дулаттың таңбасын қабылдағанын, ал кейін басқа тайпалар одағына қосылған кезде таңбаларын қосымша белгілермен өзгерткендерін, жіктеп жаңа таңбалар қабылдағанын байқаймыз» (27-б.).

VI-XI ғ. жазба ескерткіштерінде, М.Қашқаридың «Дивану луғат – ат түрік» кітабында (XI ғ.) «Ахуал-чыныз хан...» атты шежіреде (Казань, 1822), сондай-ақ көптеген ғылыми зерттеу еңбектерінде тамға, таңба туралы деректер келтірілген. С.Аманжоловтың зерттеуінде (1959), акад. І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (1977) Құлмат Өмірәлиевтің дайындауымен ен-таңба туралы №1 қосымша берілген (622-629

бб.). Аталмыш еңбектерде таңбалардың қай ру-тайпанікі екені, сонымен қатар *ұраны*, сондай-ақ, таңбалардың *жай (жақ) таңба* (садақ таңба), *ай таңба*, *көз таңба*, *бақан таңба*, *балта таңба*, *тарақ таңба*, *әліп таңба*, *тұмар таңба*, *ырғақты қаңлы*, *сірге таңба*, *күней таңба*, *сенек таңба*, *қазан құлақ таңба*, *тостаған таңба*, *шеккіш таңба*, *қылыш таңба*, *қос әліп таңба* т.б. аттары берілген.

Кейбір таңба атаулары ру-тайпалардың атымен тіркесе айтылады: *тарақ таңбалы Жалайыр*, *ырғақты Қаңлы*, *құйысқан таңба қоңырат*, *тарақ таңбалы Тарақты*, *ашамай таңбалы Керей*, *бесік таңбалы Керей*, *қазан құлақ таңбалы қаракесек*, *сірге таңба Сіргелі*, *сенек таңба Табын* т.б.

Сөйтіп, қорыта айтқанда, байырғы таңбалар халық мәдениеті, тілі, жазуы, тарихы үшін маңызы ерекше идеографиялық жүйе болды. Таңба ең алдымен әскери стратегиялық мақсатта қолданылған. Олай дейтініміз *таңба*, *ұран*, *ту* үнемі үштік бірліктің тұрақты компоненті ретінде қолданылды.

Қазақтардың ру-тайпалық таңбаларының 29 түрі Н.А. Аристовтың көрсетуінше 38 әріптен тұратын *Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі* әріп-таңбаларға сәйкес келеді (**қ.Орхон жазуы**).

Орхон жазуы. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері ерте орта ғасыр дәуірін (VII-VIII) қамтиды, бірақ Орхон Ж.-ының шығу тегі, түркі ру-тайпаларында, түркі мемлекетінде қолданыла бастауы б.д.д. кезеңдерге қатысты екенін әртүрлі археологиялық деректер жоққа шығармайды.

Академик Ә.Х. Марғұлан Қазақстанның көптеген жерінде әйгілі Орхон-Енисей жазуына өте ұқсас Ж.-лар көп кездесетінін, мысалы, Жаңарқа жеріндегі Қалмаққырған тауының оңтүстік бүйіріндегі, Ертістің жоғары жағы, Шу, Іле, Талас өзендерінің бойындағы тас Ж.-лары Орхон Ж.-ымен типтес екенін еске ала келіп, Орхон Ж.-ын жақсы меңгерген елдер оғыз бен қыпшақтар, ертедегі наймандар, керейлер болғанын атап айтады.

Тасқа қашалған Орхон жазбаларынан (V-IX ғғ.) қазіргі қазақ тілінде қолданылатын географиялық атаулар – *Ертіс*, *Қазылық*, *Қара жоталық*; *қыпшақ*, *оғыз*, *қырғыз* т.б.; діни, мифтік, космонологиялық атаулар – *Көк*, *Тәңір*, *Жер-су*, *Ай*, *Жұлдыз* т.б., жыл есебі атаулары (*қой*, *тауық*, *сиыр* т.б.); қоғамдық-саяси терминдер – *ел*, *қаған*, *бек* т.б. этномәдени нышанды атаулар кездесіп отырады.

Орхон жазбаларынан, әсіресе, «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Кул-чоры», «Мойын-чор» т.б. ескерткіштерінде байырғы түркілердің елдігі (мемлекеттігі), билік жүйесі, қоғамдағы әлеуметтік жіктер, ел қағандары мен бектерінің, билеушілерінің, әскери қолбасшылардың, олардың ішкі-сыртқы саясаты, Орда кеңесшілері тәрізді тұлғалар жөнінде деректер көне түркілердің саяси-тарихи, этномәдени өмірін айқын танытады. Сонымен қатар көне түркілердің әлем жаратылысы, діни-мифологиялық танымын, салт-дәстүрін көрсететін үзіктер, қаған мен қара халықтың, билеуші топтағы мұрагерлік,

елдік мүдде үшін ерлік көрсеткен көрнекті қаһарман тұлғалар жөнінде баяндаулар т.б. Ұлы Түрік қағанадығы құрамындағы байырғы ру-тайпалардың тарихи, этномәдени шежіресі ретінде танылады. Сонымен бірге Орхон жазбалары көне түркі ру-тайпаларының тілдік-эстетикалық танымы мен шешендік сөз өнерінің жоғары тұрғанын аңғартады.

Әртүрлі тарихи, саяси себептерге байланысты Орхон Ж.-ы Ұлы Түрік қағанатын құраған тайпалық одақтардың қолдануынан бірте-бірте қала бастап, тарих төрінен орын алды. Ал оның орнын этномәдени қоғамдастықта *ескі ұйғыр жазуы* қолданылды.

Ескі ұйғыр жазуы – б.з.б. I ғ. – б.з. IX ғ. аралығындағы әліпбиі негізінде жасалған, жоғарыдан төмен қарай тік әріптермен солдан оңға қарай таңбаланатын Ж.-дың түрі. Ескі ұйғыр Ж.-ын сары ұйғыр, керей, найман т.б. түркі ру-тайпалары қолданған. Ескі ұйғыр Ж.-ы Найман мемлекетінің ресми Ж.-ы болған, сондықтан бұл Ж. *найман жазуы* деп те аталған (*С.Аманжолов*). Дәлірек айтқанда қазақ қоғамдастығындағы бұл Ж.-ды керей-найман Ж.-ы деп те атауға болар еді. Найман хандығында ескі ұйғыр Ж.-ын жақсы білетін бітікшілер болған. Аталмыш хандық Шыңғысханның қол астына қарағаннан кейін керей, наймандар ұстаған бітікшілер ұлы қаған ордасында қызмет етіп, осы аталған Ж.-ды мемлекет ісінде қолданған. Ескі ұйғыр Ж.-ы Алтын Орда ұлысында да қолданылып, дипломатиялық жазбалар, хан жарлықтары осы ескі ұйғыр әліпбиімен жазылған. Шығыс Түркістан жерінен табылған Жүсіп Баласағұнидің әйгілі «Құтадғу білік» дастанының бір нұсқасы осы ескі ұйғыр Ж.-ымен жазылған.

Екі жүз мың ауыр қолымен миләдише 1391 ж., хижраша 793 ж., қазақша қой жылы Тұранның сұлтаны атанған Ақсақ Темір Алтын Орданың ханы (Ақ Орданың ханы) Тоқтамысқа қарсы жорығында Ұлытауға келіп аялдайды. Осы жорығын есте қалдыру мақсатымен арнайы дайындалған еңселі тасқа 8 жол ескі ұйғыр Ж.-ымен, 3 жол араб Ж.-ымен жазылған дерек қалдырады. Тасқа қашалған бұл жазба 1930 ж. Сарысудың сол жағалауынан Қарсақпай жерінен табылған.

Ескі ұйғыр жазуы. Түпнұсқадан дайындаған Ж.Шәйкен

Түркі қоғамдастығының этномәдени өмірінде ерекше орын алған бұл Ж. да тарих сахнасынан шығып, мұсылман дінінің Орта Азия, Қазақстан жеріне кең тарауымен байланысты, ендігі мәдени-тілдік кеңістіктегі орнын енді *араб жазуына* берді (**қ. Араб жазуы**).

Араб жазуы – көне арамейлік топқа жататын набатей Ж. (б.з.д. IV ғ. – б.з. I ғ.) негізінде Арабия топырағында жасалған Ж. Дүние жүзінде латыннан кейін ең көп тараған араб Ж.-ын мұсылман діні, ислам мәдениетімен байланысты көптеген ел, атап айтқанда, барша араб, иран мемлекеттері, Иран, Қытайдың Шыңжан өлкесіндегі ұйғыр, қазақтар, Малайзия, Индонезия, Африканың біраз елдері қолданады. Бұрынғы КСРО-да 20-дан астам ұлт,

олардың ішінде қазақ, татар, әзірбайжан, өзбек, башқұрт, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ, ноғай т.б. түркі халықтары осы Ж. жүйесін тұтынды.

Араб әліпбиінде 28 әріп бар. Олардың жеке тұрғанда (*даль, заль, ра, за, уау*-дан басқаларының) сөз басында, сөз ортасы мен аяғында қолданылатын позициялық түрлері бар. Араб Ж.-ында үш қысқа дауыстыны (а, у, и) белгілеу үшін фатха, дамма, кәсрә диакритикалық белгілер қолданылады.

XI-XX ғғ. арасында Шығыс Түркістаннан Еділ бойына, Жетісудан Мысырға дейінгі аралықтардағы түркі халықтары араб Ж.-ын қолданып. Діни, дүниәуи мазмұнда көркем-философиялық шығармаларды дүниеге келтірді. Орта Азиядағы дін оқуымен қатар астрономия, математика, медицина т.б. дүниәуи пәндерді араб тілінде оқытатын медреселер болған. Әуелде осындай медреселерден білім алған әл-Фараби, әл-Бируни, Махмұт Қашғари, Әбу Әли Ибн-Сина (Авиценна) тәрізді ғұлама ғалымдар өз заманындағы ғылым, білімді аса жоғары деңгейде дамытты.

Шығармаларын түркіше жазған Жүсіп Баласағұни, Ахмет Яссауи, Ахмет Йугнеки, Сүлеймен Бақырғани, Әлішер Науаи және т.б. ғұламалар түркі тілін, түркі мәдениетін әлемге танытты.

Араб жазулы ескерткіштердің қай-қайсында болмасын түркі халықтарының әлеуметтік, саяси-қоғамдық тарихынан, дәстүрлі мәдениетінен аса мол мәліметтер береді және олардың жазба мәдениетінің биік деңгейінде болғанын көрсетеді. Қысқаша атап айтқанда:

Қарахан әулеті түріктері тілінде (XI-XII ғғ.) Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұнидің «Құтадғу біліг», Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» (1074 ж.), Ахмед Йугнекидің (XII ғ.) «Кибатул-хакаик» («Ақиқат сыйы») т.б. шығармалары мен еңбектері жазылды.

Орта Азия түріктері тілінде Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» (II ғ.), Ә.Замахшаридің (1075-1144 жж.) «Мукаддимат әл-адаб», Н.Рабғузидің «Кисасу-л-анбия» (1310 ж.); Құтыбтың «Хосрау-Шырын» (1340 ж.); Әлидің «Қысса-и Юсуф» (1212 ж.), Сайфи Сарайидың «Гүлистан би-т-түрки» (1390 ж.); Хорезмидің «Мухаббат-нама» ғашықтық дастаны т.б. діни, тарихи-прозалық шығармалар Оғыз тайпалары мекендеген Әмудария, Қыпшақ тайпалары мекендеген Сырдарияның төменгі ағысындағы тайпалардың үстірт диалектісі (над диалект) формасында жазылды.

Шағатай тілі немесе **Орта азиялық түркі жазба тілі (XIV-XVI ғғ.)** Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан елдерінде кең тараған. «Шағатай»-моңғол антропонимі, Шыңғысхан ұлының атымен аталып кеткен ұлыстың және сол елде қолданылған жазба тілдің атауы. Шағатай тілі Әмір Темірдің қоластындағы Мәуреннахрдағы мемлекеттің ресми тілі болды. Осы кезеңнің әдеби шығармаларына «Тезкерей әулие», «Миражнама», «Бақтиярнама» т.б. жазба мұралар жатады. Ортаазиялық түркі жазба тілі, бір жағынан Шығыстүркістандық жазба тілмен (XI-XII ғғ.), екінші жағынан, Алтынорда-

Хорезм (XIII-XIV ғғ.) жазба тілімен ортақ жақтары болды. XVIII-XIX ғғ. ортаазиялық жазба тілде (шағатай тілінде) халықтың сөйлеу тілдерінің элементтері айқындалып (А.С. Аманжолов), ескі өзбек, ескі ұйғыр, **ескі қазақ жазба тілі**, ескі қырғыз, ескі қарақалпақ жазба тілдерінің сұлбасы жасалды.

Ескі қазақ жазба тілі / Ескі қазақ әдеби тілі. Жалпы алғанда Е.қ.ж.т. жазба әдеби тіл ретінде қай шамада қалыптасқанын дәл басып айту қиын. Дегенмен, академик Ә.Марғұланның, Р.Сыздықтың, М.Қойгелдиевтің, Б.Әбілқасымовтың пайымдаулары бойынша Қадырғали Жалайыридың «Жамиғат тауарих» атты еңбегі, сондай-ақ Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі» сынды жазбалар Е.қ.ж.т.-нің алғашқы нұсқаларының бірі болып танылады. Бұл тіл шынайы халықтық тіл болмағанымен, байырғы қазақ қоғамында әрбір хат танитын, сауатты қауымның коммуникативтік қажеттілігіне қызмет еткен тіл. Өйткені, ескі қазақ жазба тілінің құрылымында бөгде тілдік элементімен қатар негізгі төсегі қазақтың сөйлеу тілі болды. Оған бір кездегі ғылым мен әдебиет, мәдениет тілі болған араб, парсы тілдерінің жекелеген сөздері, орта азиялық түркі әдеби тілі мен көршілес түркі тілдерінің кейбір жалғау-жұрнақтары, араб Ж.-ының емле дәстүрі қосылып, оны қазіргі әдеби тілімізден біраз өзгешелеу етіп көрсетті.

Бұл тілдегі жазба нұсқаларға қазіргі бізге мәлім қазақ тілінде шыққан алғашқы екі газет («Түркістан уәлаяты», 1870-1882 жж. мен «Дала уәлаяты», 1888-1902 жж.), қазақ хан, сұлтандарының өзара және орыс әкімшілік орындарымен жазысқан хаттары, бұйрық-жарлықтары, түзілуіне Абай тікелей қатысқан 1885 жылғы «Қарамола съезінде жасалған ереже» ХІХ ғ.-дың екінші жартысында Қазан қаласынан кітап болып басылып шыққан жүзден астам қисса, дастандар т.б. жатады. Әрине, бұлардың бәрінің тілі бірдей деуге болмайды: бірінде қазақтың сөйлеу тілі ерекшелігі басым болса, екіншісінде (әсіресе, іс қағаздары мен ресми құжаттарда) орта азиялық түркі әдеби тіл дәстүрі көбірек сақталған.

Ал Е.қ.ж.т.-нің құрамына халықтық тілдің элементтері дендеп ене бастаған бертіндегі үлгісінің бірі ретінде 1895 ж. Омбыдағы баспада жарияланған Жаубасардың мына бәйтінен үзінді келтіруге болады.

Жау басар йазайын деп қалам алды,

Байіт қып кара созді хатка салды.

Оз хаббиін расулнын хурметі үшін.

Хор кылма хак тагала мусылманды

Иазгалы колыма алдым ак кагазым,

Кисса кып шыгаруга біраз назым.

Шешенлік онерім жок адам едім,

Созімді соге корме, болса жазым.

Ғалым Ж.Шалғынбайдың зерттеуінде қазақ тілінде араб жазуымен 1817 жылдан 1918 жылға дейін 971 басылым, 506 аталыммен жарық көргені, жалпы таралымы (тиражы) 2 млн 347 035 болғаны жөнінде талдама деректер бар (*Ж.Шалғынбай*). Мұндай деректің өзі араб Ж.-лы Е.қ.ж.т.-нің қазақ қоғамындағы атқарған мәдени қоғамдық-саяси маңызының ерекше орын алғанын байқатады. Сол заманның өлшемімен қарағанда мұндай рухани дүниелерді мол байлық, үлкен қазына деуге болады. Бұлардың ішінде **қадымше** де, **жәдитше** де жазылған үлгілер бар.

Алайда Е.қ.ж.т.-н орыс миссионерлері (Ильминский) «татаршаланған», «шағатайшаланған» молдалардың тілі, қойыртпақ шұбарланған тіл деп, құндылықтар қатарынан шығарып тастауға ықпал етті. Бір өкініштісі, кейбір зерттеушілер ескі қазақ тілінің жазба мұраларын қазіргі күнге дейін «татарша», «шағатайша» деп түсінеді.

Қадым жазуы (*көне жазу*) қадымше жазу, оқу иманшарт, әптиек, мұқтасар тәрізді және т.б. діни, дүниетану әдебиеттерді оқытуда, жазуда пайдаланатын көне Ж.-дың түрі. *Қадым жазуы* қазақ жеріндегі діни мектептерде, мешіттерде, медреселерде кеңінен қолданылған. Семейдегі Ахмет Риза, Троицкідегі Зейнолла Ишан медресесі *қадым жазуы / оқуы* тәртібімен діни мамандар дайындаған. Мешіт, медреселерде, діни мектептерде араб Ж.-ының *абжад* жүйесі бойынша есеп шығару, цифрларды әріппен Ж. тәртібінде үйреткен. Сондай-ақ, *абжад* жүйесін арша Ж. тәртібімен «құпия хат» Ж.-да қолданған.

Бұхара, Хиуа, Қазан, Уфа, Ташкент, Ыстамбұл шаһарларындағы медреселерден ескі түркіше, арабша, діни, дүниетану білім алған Бекет ата, Әйтеке би, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Бегалы (жазушы Сапарғали Бегалиннің әкесі), т.б. прецедентті тұлғалар бұрынғы қазақ қоғамында аз болмаған.

Құран кәрімнің (**қ. Құран / құран кәрім / кәлемшәріп**) әрбір әрпінде қасиет, сауап бар деген түсінікпен байланысты ел ішіндегі молда, емші, тәуіптер аят, сүрелерді араб Ж.-ымен қағазға түсіріп, оны суға салып, дұға ретінде ауруға *ішірткі* (**қ. Ішірткі**) деп ішкізген. Тіл-көзден, жаманшылықтан сақтайды деген сеніммен дұға жаздырып, *тұмар* тағып жүретін болған (**қ. Тұмар**). Құранды қасиетті кітап дей отырып, халық шынайы айтылған ақиқатты қисынмен жеткізе айтқан сөзді *кітаптың сөзіндей* деп, хатқа түскен сөзді жоғары бағалаған. Ж.-дың халық санасында құндылық ретінде бағалануына *Қасиетті кітаптың* әсер-ықпалы аз болмаған.

Ескі жәдігерлер тілін зерттеуші ғалымдар Сәрсенбі Дәуітұлы, М.Шәпиғи, араб әріптерінің дыбыстық мәнділігінен басқа олардың жеке-жеке мағыналарының бар екенін ғұлама шайырлар Қожа Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, Абайға дейінгі және Абайдан кейінгі бірсыпыра ақындардың Құран әріптерінің қасиеті туралы қалам тартқанын айта келіп әріп мағыналарын былай деп көрсетеді:

1 (Алиф) – *улфат* «ұлпат»

ب	(Би) – <i>баракат</i> «берекет, береке»
ت	(Та) – <i>тауба</i> «тәубе»
ث	(Са) – <i>сауаб</i> «сауап»
ج	(Жам) – <i>жамал</i> «жамал», «сұлулық»
خ	(Ха) – <i>хайр</i> «қайыр», «рақым»
د	(Дәл) – <i>далил</i> «дәлел»
ذ	(Зал) – <i>закуан</i> «зеректік», «зейінділік»
ر	(Ра) – <i>рахмат</i> «рақымшылық»
ز	(За) – <i>закат</i> «зекет», «зекет берушілік»
س	(Син) – <i>сагадат</i> «бақыттылық»
ش	(Шин) – <i>шифаун</i> «шипалық»
ص	(Сад) – <i>сыйдық</i> «шындық», «шынайылық»
ض	(Дад) – <i>диаун</i> «жарық», «нұр»
ط	(Та) – <i>тарауат</i> «мейірімділік», «нәзіктік», «балғындық»
ظ	(За) – <i>зафар</i> «салтанат», «жеңіс»
ع	(Ғайн) – <i>ғылым</i> «ҒЫЛЫМ»
غ	(Ғайн) – <i>гинан</i> «байлық»
ف	(Фа) – <i>фалак</i> «шаттық»
ق	(Қаф) – <i>курбат, курбун</i> «туыс», «жақын адам»
ك	(Каф) – <i>карамат</i> «керемет, ғажайып»
ل	(Ләм) – <i>лутфун</i> «әдептілік, сыпайылық, ізгілік, ілтипаттық»
م	(Мим) – <i>маузизат</i> «уағыз», «ғибрат»
ن	(Нун) – <i>нур</i> «нұр»
و	(Уау) – <i>уелат</i> «байланыс, қатынас, дәнекер»
ه	(Һа) – <i>һидаят</i> «тура жолға бастаушы, салушы»
ي	(Йа) – <i>йакин</i> «айқын», «анық», «шын»

Жәдит жазуы / оқуы XIX ғ. екінші жартысында Ресей жеріндегі мұсылмандар қолданған жаңартылған *араб жазу* жүйесі. Бұл жазу жүйесінің ереже тәртібін, негізін салған қырым татарларының аяулы перзенті, түркі мәдениетіндегі көрнекті тұлға Исмағұл Гаспринский (1851-1914) қадым негізді араб әліпбиін түркі тілдерінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіріліп, мұсылмандардың Бүкілресейлік III съезінде Ереже түрінде

қабылдатты. Сөйтіп, *жәдитше жазу/оқу* түркі халықтарына ортақ Ж. ретінде мектеп, медресе бағдарламаларына енгізіліп, міндетті түрде оқытылатын болды.

Алайда ұлы реформатор А.Байтұрсынов түркі жұртшылығына «ортақ жазу» идеясынан бас тартып, оның орнына жалпыхалықтық тілдің негізінде ұлттық жазу жүйесін жасады. Аталмыш Ж. үлгісі халықтық лингвистикада **төте жазу** деп аталды.

Төте жазу XX ғ. басында халқымыздың ұлы перзенті, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы ескі қазақ жазба тілін күллі қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын ұсынды. Басқаша айтқанда, жазу-сызуды демократияландыру арқылы күллі халықты сауаттандыру ісіне бар білімін, күш-жігерін салды. Халықты жаппай сауаттандыруды, білім беруді тезірек қолға алмаса, қазақ қоғамының заман ағымына ілесе алмай, қалып қоятынын терең түсіне білген ғалым жүйесі аса күрделі *ескі қазақ жазба тіліне* түбегейлі реформа жасады. Алдымен, ол араб әліпбиін пайдалана отырып, халық тілінің тоғыз дауысты (а-ә, ы-і, о-ө, ұ-ү, е) және он тоғыз дауыссыздан (б-п, д-т, г-к, ғ-қ, ж-ш, з-с, й, л, м, н, ң, р, у) тұратын дыбыс жүйесін негізге алып қазақ әліпбиін түзді. А.Байтұрсынұлы ұсынған жазба тіл нормасы бірыңғай халықтық тілдің сөз, грамматика, дыбыс жүйесіне сүйенді, соларды таяныш етті, ескі түркілік сөз үлгілері мен қалың жұртшылыққа түсініксіз араб, парсы элементтерінің қолданылуы шектеулі болды. А.Байтұрсынұлы Ж.-ы халықтық тілдің сөз үлгілерін жазба тілде бірізді қолданудың жүйесін жасады. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы халық тіліне негізделген жазбаша тілдің тұңғыш рет оқулықта, оқу құралдарында заңдастырылған нормасын (кодификацияланған нұсқасын) жасады. Тіліміздің заңдастырылған Ж. нормаларын А.Байтұрсынұлы негіздеп берді.

А.Байтұрсынұлы ұсынған Ж. жүйесі жалпақ жұртшылықтың ықыласына бөленді. Ден қойған адам оны бір-екі айдың ішінде-ақ үйреніп алатындай 24 әріптен тұратын жүйесі ұғымға жеңіл, емлесі оңай болды. Сондықтан халықтық лингвистикада бұл Ж.-ды бұрынғы Ж.-дан бөлектеп *төте жазу, төте оқу* деп атады. А.Байтұрсынұлының төте Ж.-ын тек қазақ зиялылары ғана емес, әлемдік тіл ғылымының (лингвистиканың) көрнекті өкілдерінің бірі Е.Д.Поливанов, математикалық әдіспен фонетика графиканы зерттеуші ғалым Яковлев арнайы тексере келіп, А.Байтұрсынұлы әліпбиін аса жоғары бағалады. Алайда төте жазудың Кеңестер Одағындағы ғұмыры ұзаққа бармады. 1929 ж. қазақ Ж.-ы латын графикасына негізделген, 29 әріптен тұратын *латын жазуына* көшті. Ал 1940 ж. қараша айынан бастап латын негізді қазақ Ж.-ы 41 әріптен тұратын осы күнгі орыс графикасына бейімделген *кирилше жазуға* көшті. Ал ҚХР-дағы миллионнан астам қандастарымыз осы күнге дейін төте Ж.-ды қолданып келеді. Онда төте Ж.-мен оқулықтар, газет-журналдар, әртүрлі кітаптар шығады.

Абжад (қазақтың сөйлеу тілінде айтылуы *әбжәт*) көне араб әліпбиінің өзгеше тізілу ретін көрсететін ойдан шығарылған мағынасыз сегіз сөздің аты:

абжад, науаз, хутти, каламан, сағфас, қарашат, саххаз, зазағ. Бұл сөздердегі әріптердің жалпы саны араб әліпбиіндегідей 28 болып, әрбір әріп белгілі бір санды білдірген:

А. төрт амалмен есеп шығаруға (көбейту кестесіне), кез келген санды әріптермен беруге, сөзді цифрмен жазуға пайдаланылған. А. ертедегі мұсылманша мектептерде оқытылған. Кейбір маңызды оқиғалардың болған жылдарын абжадтағы әріптер арқылы белгіленген. Мұсылманша сауат ашуда *әптиек, иманишарт* игеру, *әбжәтті* білу оқыту мазмұнында міндетті болған. *Арша жазу*(қ. *Арша жазу / Хат сарви*) немесе *сәрбихат* жазу жүйесі А.-қа негізделіп жасалған (ҚСЭ).

Қыз бен жігіт айтысында айтысушылар алдымен бір-бірінің сауатын барлап алады. Әліпбидегі 28 әріпті өлеңге қосу, жұмбақ жасыру айтыс өнерінде жиі кездеседі. Бұндайға, әсіресе, айтыскер қыздар жүйрік болады. Ал сауаты шамалы болса, айтыскер жігіт айтыс алдында 2-3 ай болса да молдадан сабақ алады.

Ел ішіндегі айтыстың бірінде зерек, зерделі қыз жігіттің қай айда туғанын өлеңмен сұрайды. Сонда жігіт өзінің туған айын абжад санымен жұмбақтап айтады:

*Сарыкөлдiң бар екен алтыс қазы,
Сол қаздардың екі жүз балапаны.
Тоғыз үйрек, дәл елу қасқалдағы,
Артық-кемсіз айтқаным абжад саны.*

Сонда зерек ақын қыз абжад бойынша қай сан қай әліпті білдіретінін түсіне қойып, жұмбақты былай шешеді: абжад қатары бойынша алты *с*, екі жүз – *р*, 9 саны – *т*, елу – *н* әріптерін білдіреді. Бұдан *саратан* айының оқылуы шығады.

Жігіт абжад жұмбағын тез шешкен қызға риза болып, оның жасын сұрайды. Сонда қыз:

*Бір қызға жеті жігіт зар болады.
Екі жаман қосылса сор болады.
Жасымды артық-кемсіз мен айтайын,
«Зальга» «дальды» қоссаңыз сол болады, –*

дейді. Жігіт те зеректік танытып, *заль* әрпінің абжадтық санын (тоғызды) *даль* әрпінің абжадтық санына (сегізге) қосып, қыздың он жеті жаста екенін таба қояды.

Арша жазу /хат сарви – жазылуы және оқылуы *абжад* жүйесіне негізделген 28 араб әріптерінен тұратын арша ағашы бейнелес Ж. Ол абжад

жүйесі бойынша 1) АБЖАД, 2) ЫАУУАЗ, 3) ХУТТИ, 4) КАЛАМАН, 5) САГАРАЗ, 6) КАРАШАТ, 7) САХХАЗ, 8) ЗАЗАҒ деп аталатын 8 топқа бөлінеді. Бұлар әріптердің тәртібі мен орналасуын көрсететін шартты атаулар. Әуелде бұлардың мағынасы болған, дұғалық қасиетке ие деген де пікір бар.

Арша Ж.-да тік таяқша сызық алынады, ал оның сол және оң жағындағы көлбей сызылған кішкене сызықшалар сөздің қалай оқу керектігін көрсетеді. Тік сызықтың оң жақта белгіленетін көлбеу кішкене сызық сегіз топтағы әріптің қайсына кіретінін, ал сол жақтағы кішкене көлбеу сызық аталмыш топ ішіндегі әріптердің реті бойынша оқылады. *Бала* деген сөзді аршамен жазу үшін бірінші бәріпінің қай топқа кіретінін білу керек, яғни бұл әріптің *абжад* тобына кіретінін байқаймыз.

Тік таяқшаның оң жағына бір көлбеу сызық белгіленеді, *абжадтағы* әріп қатары екінші болғандықтан, сол жаққа көлбеу екі сызық жазылады (*б*); *а* әріпі *абжадтағы* бірінші топқа жататындықтан тік сызықтың оң жағында көлбеу бір сызықша және *абжадтағы* қатар реті бірінші тұрғандықтан сол жақта бір сызықша қойылады (*а*). Ал *л* әріпі төртінші топтағы рет қатары екінші болып тұрғандықтан, тік сызықтың оң жағына төрт көлбеу, сол жағы кішкене екі сызықпен белгіленеді (*л*); ал *а* әріпі, жоғарыда айтылғандай, мына түрде таңбаланады (*а*). Сонымен, *бала* сөзінің аршамен жазылуын былайша көрсетуге болады: (*б*)(*а*)(*л*)(*а*).

Белгілі түркітанушы, көрнекті этнограф Әбубәкір Диваев (1856-1933) 1917 ж. Ферғана алқабына барған сапарында Орта Азиядағы араб жазбалы түркі халықтары арасында тараған, бұрын өзіне беймәлім, әріптерінің таңбалану кейпі шырша, арша ағаштарының бұтағына аса ұқсас бір Ж.-ға кезіккенін айтады. Араға біраз жыл салып барып, 1928 ж. Ташкент шаһарында басылып шыққан «Год работы казахского высшего педагогического института» деген жинаққа «Кипарисоподобные письма» деген атпен мақала жариялайды.

Мақалада автор Ж.-дың бұл түрінің Ферғанадағы жергілікті білгірі Бекболат Сәлиев деген азамат екенін, Ж. туралы барлық мәліметті осы кісіден алғандығын айтады. Белгілі диалектолог ғалым Сапарғали Омарбеков Ә.Диваевтың жоғарыда аталған хабарлама-мақаласына сүйене отырып, «хат сарви» деген тақырыппен шағын мақала жариялайды, бірақ қазақша түсінігі *арша жазу* деп көрсетті. Кейіннен автор ҚСЭ-дегі бұл мақаласын кеңейтіп, «Ана тілі» газетіне бастырған. Ғалымның жорамалдауынша *арша жазу* жаппай ел арасынан гөрі мұсылманша сауаты тереңірек, қоғамдағы мәдениеті жоғарырақ деген топтардың ішіне көбірек тараған. Көбіне-көп ол қоғамның осы тобының бір-бірімен хат арқылы құпияласуы үшін қызмет еткен Ж. тәрізді.

Ж. және оның түрлері этнотілдік ұжымның когнитивтік санасында күрделі ұғымдар жүйесін құрайды. Идеографиялық Ж.-мен байланысты айтылатын *тайға таңба басқандай; таңбасыз тай, еңсіз қой; ен-таңбасы*

бөлек т.б. фразологизмдер (қ. *Ен-таңба*) этностың әлеуметтік өмірдегі тіршілікқамына байланысты меншіктік қатынасты білдіреді. Ж.-ға қатысты халық тілінде жиі айтылатын: *Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім; Кітап – көзі жұмыққа арзан. Көзі ашыққа маржан; Күш – білімде, білім – кітапта; Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы; Кітап – оқығандыкі, білім – тоқығандыкі; Кітап – алтын қазына; Кітап – алтын сандық, іші толған қазына, құт: оқы, біл, ойыңа тұт; Кітап – қаймақ, білім – оймақ; кітап сөзі, хат таныту, кітаптың сөзіндеі («анық-айқын»), ақ қағазға жазған хаттай, оқығанның көзі ашық* т.б. тәрізді паремиологизмдер Ж.-сызу ұғымының этнокогнитивтік санада ерекше құндылықтар жүйесіне жататынын аңғартады. Мұсылманша сауат ашуға дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше мән берген. Бала кем дегенде үш жыл молданың алдын көріп, *әптиеқ, иманишарт, әбжатты* үйреніп шығады. Бұлардан хабары жоқ адамды сауатсыз, қараңғы дейді. Байырғы ақындар айтысында әліпбиді өлеңге қосу, сөйтіп, әріптесінің сауатын сынау айтыстағы шарттардың біріне айналған. Мысалы, Ұлбике (1825-1845) Күдері Қожамен айтысқанда:

Сен-ақ оқы әліп пен Әбіжатты,

Мұрным әліп болғанда қасым мәт-ті

Көкірегім-кітап сөзі, тілім-Құран

Мен сенен үйренбеймін шариятты, –

дейді (қ. Әліп / Әліпби).

Ал, керісінше, *әліпті таяқ деп білмеді, нонды шұқыр аяқ деп білмеді, хат танымады, кітап бетін ашпаған* деген паремиялардан халықтың этномәдени дәстүрде сауатсыздықты «қараңғылық» деп танып, надандықтың қатарындағы бейқұндылықтарға жатқызатынын байқауға болады.

Әдеб.: *СамойловичА.* Казакский алфавит // Литературное энциклопедия. Т.І. Л., 1923; *Диваев А.А.* Кипарисоподобные письма // Год работы казахского высшего педагогического института. Ташкент: Изд. Казпедвуза, 1928. С.81-82; *Поппе А.Н.* Карсакпайская надпись Тимура // Труды отдела истории культуры и искусства Востока. Т. 2. Л., 1940. С.185-187; *Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. А., 1971; *Благова Г.Ф.* О соотношениях прозаического вариантов среднеазиатско-тюркского литературно-письменного языка XV в. // *Turcologica.* Л., 1976; *Хат Сарви* // ҚСЭ. 11-т. Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы, 1977. 618-б.; *Марғұлан Ә.* Күміс сандық құпиясы // ҚӘ., №1, 1981; *Әбілқасымов Б.* XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. А., 1982; *Сыздықова Р.* XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы. А., 1984; *Қырық қазына. Қазақ халқының ауызша есептері (Жинақты құраст. Ә.Доспамбетов).* А.: Мектеп, 1987; *Сыздықова Р.Г.* Язык «Жамиғат-тауарих» Жалаири. Алматы: Наука, 1989; *Исаев С.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1989; *Сыздықова Р., Қойгелдиев М.* Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы.

Алматы: Қазақ университеті, 1991; Тіл тағлымы. Алматы: Ана тілі, 1992; *Омарбеков С.* Тұран топырағында туған арша жазу // АТ., 19.05.1994; *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч.І. Алматы: Санат, 1997; Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 1998; *Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х.* Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998; *Уәлиұлы Н.* А.Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы: Ғылым, 1999. 562-567-бб.; *Әбілқасымов Б.* Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» және оның тілі. Алматы: Арыс, 2001; *Аманжолов А.С.* История и теория древнетюркского письма. Алматы: Мектеп, 2003; *Самашев З., Жетібаев Ж.* Қазақ петроглифтері. Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2005; *Бекасыл Әулие.* Жұлдызнама. Астана: Күлтегін, 2005; Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Тама. I т. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006; Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. III-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 22-23-бб.; *Мыңжани Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, 2007; *Аристов Н.* Этногенез и этническая история казахского народа. В 50 томах. Астана: Алтын кітап, 2007; *Исаев С.* Қазақ тіл білімінің мәселелері / Вопросы казахского языкознания. Алматы: Арыс, 2008; *Уәлиұлы Н.* Ұлттық жазудың ұлы диқаншысы // Жалын. 2009, №6, 25-29-бб.; Казахское книжное дело в документах и материалах XIX – начало XX вв. Сборник архивных документов. Алматы: Баспалар үйі, 2009; *Шалгынбай Ж.Ж.* Казахстан в зарубежных источниках и материалах. Труды, исследования и путешествия российских и европейских ученых досоветского периода. Библиография. Научный редактор Нурсан Алимбай. Алматы: Кие, 2009; *Беляков А.В.* Чингисиды в России XV-XVII веков. Просопографическое исследование. Рязань: Мир, 2011; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазбадан); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.